



Бекітілді / Утверждено

Ғылыми кеңес шешімімен /


Решением Ученого совета

«27» 08 2021 г. № 1

PR-03-13-12


Докторантурада оқуға арналған жоғары оқу орнының ішіндегі  
білім беру грантын беру ережесі /

Правила присуждения внутривузовского образовательного  
гранта на обучение в докторантуре

|                          |                                                                                                          |              |
|--------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------|
| Әзірледі / Разработал    |                                                                                                          |              |
| Кеңесші /<br>Консультант | <br>(қолы / подпись) | Ф. Оразаяева |

Басылым 01 / Издание 01

Алматы, 2021



|             |                                                                                                                                                                     |                            |
|-------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|
| PR-03-13-12 | Доктор-да окуға арналған жоғ.оку орнынын ішіндегі, білім беру грантын беру ер-сі /<br>Правила присуждения внутривузовского обр-го гранта на обучение в докторантуре | Басылым 01 /<br>Издание 01 |
|-------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|



Мазмұны /  
Содержание

|                                                                           | бет /<br>стр. |
|---------------------------------------------------------------------------|---------------|
| 1. Жалпы ережелер                                                         | 4             |
| 2. Білім беру грантын беру тәртібі                                        | 5             |
| 3. ЖОО ішіндегі білім беру гранты бойынша докторантураға қабылдау         | 10            |
| 4. Докторантураға ЖОО ішіндегі білім беру грантын қаржыландыру            | 11            |
| 5. Құқығы                                                                 | 11            |
| 6. Жауапкершілігі                                                         | 11            |
| Келісу парағы                                                             | 22            |
| 1. Общие положения                                                        |               |
| 2. Порядок присуждения образовательного гранта                            | 13            |
| 3. Зачисление в докторантуру по внутривузовскому образовательному гранту  | 19            |
| 4. Финансирование внутривузовского образовательного гранта в докторантуру | 20            |
| 5. Права                                                                  | 20            |
| 6. Ответственность                                                        | 21            |
| Лист согласования                                                         | 22            |



## 1. Жалпы ережелер

**1.1.** Осы «Қазақстан – Ресей медициналық университеті» МЕББМ (бұдан әрі – Университет) докторантурада оқуға арналған ЖОО ішіндегі білім беру грантын беру ережесі (бұдан әрі – Ереже) Университеттің ғылыми-педагогикалық кадрларын даярлау үшін білім беру гранттарын беру тәртібін айқындайды.

**1.2.** Ереже ЖОО ішіндегі білім беру грантын беру, қаржыландыру тәртібін және ЖОО ішіндегі грант бойынша докторантураға қабылданған үміткерлердің жауапкершілігін регламенттейтін негізгі нормативтік құжат болып табылады.

**1.3.** Осы Ереже келесі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленген:

1.3.1) Қазақстан Республикасының Конституциясы.

1.3.2) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» заңын;

1.3.3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын;

1.3.4) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің м.а. 2015 жылғы 31 шілдедегі № 647 «Медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті стандарттар мен үлгілік кәсіптік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығын;

1.3.5) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 390 «Маманды жұмысқа жіберу, бюджет қаражаты есебінен шеккен шығыстарды өтеу, өз бетінше жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған Қазақстан Республикасының азаматтарын жұмыспен өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларын бекіту және "Білім беру грантын беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қаулысын;

1.3.6) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын;

**1.4.** Осы Ереженің талаптары Университеттің ЖОО-ның гранты бойынша оқитын докторанттарды қабылдауды, оқытуды және жұмысқа орналастыруды ұйымдастыруға қатысатын құрылымдық бөлімшелерге колданылады.

## 1.5. Мүдделі тараптар:

| Мүдделі тарап     | Қажеттіліктер мен үміттер                                      |
|-------------------|----------------------------------------------------------------|
| 1                 | 2                                                              |
| Сыртқы аудиторлар | Сыртқы аудитті жүргізу тиімділігін арттыру                     |
| Кафедра           | Докторантурада ғылыми-педагогикалық кадрларды мақсатты даярлау |

|             |                                                                                                                                                                  |                            |
|-------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|
| PR-03-13-12 | Доктор-да оқуға арналған жоғ.оқу орнының ішіндегі. білім беру грантын беру ер-сі / Правила присуждения внутривузовского обр-го гранта на обучение в докторантуре | Басылым 01 /<br>Издание 01 |
|-------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|



|                                       |                                                                                          |
|---------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|
| Қабылдау комиссиясы                   | ЖОО ішіндегі грантка қабылдау ережелері мен шарттары                                     |
| Магистратура және докторантура бөлімі | ЖОО ішіндегі грант бойынша докторантураға үміткерлерді қабылдауды үйлестіру және бақылау |
| Докторанттар                          | ЖОО ішіндегі грантты беру және пысықтау шарттары туралы білім                            |

## 1.6. Терминдер, қысқартулар және анықтамалар.

### 1.6.1) Ережелерде келесі терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

| Терминдер    | Анықтамалар                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|--------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1            | 2                                                                                                                                                                                                                                                                                      |
| Докторант    | докторантурада оқитын тұлға                                                                                                                                                                                                                                                            |
| Докторантура | білім беру бағдарламалары философия докторы (PhD) (бейіні бойынша доктор) дәрежесін бере отырып, кемінде 180 академиялық кредитті міндетті түрде игере отырып, ғылыми, педагогикалық және (немесе) кәсіптік қызмет үшін кадрлар даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім |

### 1.6.2) Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

| Қысқартулар | Терминдер                                                                                                     |
|-------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1           | 2                                                                                                             |
| ҒЗЖ         | Ғылыми-зерттеу жұмысы                                                                                         |
| ЖЖОКБҰ      | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы                                                       |
| ПОҚ         | Профессор-оқытушылар құрамы                                                                                   |
| GPA         | Grade Point Average (дипломның орташа балы) (барлық оқу кезеңіндегі дипломдағы барлық бағалардың орташа балы) |

1.7. Жоғары оқу орны гранты бойынша оқитын докторанттарды қабылдау мен жұмысқа орналастыруды магистратура және докторантура бөлімінің бастығы және ғылыми және клиникалық жұмыс жөніндегі проректор бақылайды.

### 1.8. Енгізілетін формалар

| Форма            | Форма атауы                                                                         |
|------------------|-------------------------------------------------------------------------------------|
| 1                | 2                                                                                   |
| F-PR-03-13-12-01 | Университет докторантурасына түсу үшін ректордың атына өтініш                       |
| F-PR-03-13-12-02 | Үміткердің докторантура бағдарламасына түсуге итермелеген себептері туралы эссе     |
| F-PR-03-13-12-03 | ЖОО ішіндегі грант бойынша докторантка білім беру қызметтерін ұсынуға арналған шарт |

## 2. Білім беру грантын беру тәртібі

2.1. Магистратура және докторантура бөлімі кафедра меңгерушілерімен бірлесіп докторантурада кадрлар даярлауға қажеттілікті ескере отырып, Университет үшін басым мамандықтар тізбесін талқылауды, келісуді және бекітуді ұйымдастырады, ұсыныстар қалыптастырады және кадрларды даярлауға арналған Мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру ережелеріне сәйкес жоғары оқу

|             |                                                                                                                                                                  |                            |
|-------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|
| PR-03-13-12 | Доктор-да оқуға арналған жоғ.оқу орнының ішіндегі. білім беру грантын беру ер-сі / Правила присуждения внутривузовского обр-го гранта на обучение в докторантуре | Басылым 01 /<br>Издание 01 |
|-------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|



орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа қатысу үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне өтінім береді.

**2.2.** Университет үшін басым мамандықтар тізбесіне сәйкес докторантурада кадрлар даярлауға қажеттілікті ескере отырып және білім беру бағдарламаларының топтары бойынша алдағы оқу жылына докторанттарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды ескере отырып, Университет әкімшілігі ректордың бұйрығымен бекітілген қабылдау комиссиясымен бірлесіп ЖОО ішіндегі гранттарды бөлу туралы мәселені шешеді.

**2.3.** Қабылдау комиссиясы докторантурада кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға бұйрық бекітілгеннен кейін Университет үшін басым мамандықтарды көрсете отырып, ЖОО ішіндегі білім беру грантын беруге конкурс өткізу туралы хабарландыруды «ҚазРесмедуниверситеті» МЕББМ сайтында орналастырады.

**2.4.** Докторантураға түсуші тұлғалар күнтізбелік жылдың 3 шілдесі мен 3 тамызы аралығында портал арқылы немесе Университеттің қабылдау комиссиясына келесі құжаттар топтамасын ұсынады:

1) Университет ректорының атына өтініш (F-PR-03-13-12-01);

2) білімі туралы құжат (түпнұсқа, құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде);

3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);

4) бағдарламалар бойынша шет тілін (ағылшын, неміс, француз) меңгергенін растайтын электрондық сертификат:

**ағылшын:**

International English Language Tests System (IELTS, шекті балл-кемінде 5,5),

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи) шекті балл – кемінде 460 балл,

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT) шекті балл-кемінде 46,

Test of English as a Foreign Language Paper – based testing (TOEFL PBT) шекті балл-кемінде 453,

**неміс:**

Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau B2/B2 деңгейі),  
TestDaF-Prüfung (Niveau B2/B2 деңгейі),

**француз:**

Test de Francais International™ (TFI-оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес),

Diplom ed'Etudes en Langue française (DELTA, B2 деңгейі),

Diplome Approfondi de Langue française (DALF, B2 деңгейі),

Test de connaissance du français (TCF – кемінде 50 балл).

5) электрондық форматта 075/у формасы бойынша медициналық анықтама, №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген). Шектеу іс-шаралары жүзеге



асырылған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда, осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынылады;

6) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;

7) кадрларды есепке алу бойынша жеке іс парағы немесе жұмыс орны бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын өзге де құжат;

8) болжанатын отандық немесе шетелдік ғылыми консультантпен келісілген жоспарланған диссертациялық зерттеудің негіздемесі (Аннотация формасында);

9) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың (ғылыми жарияланымдар) тізімі;

10) ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендиялар, гранттар беру туралы сертификаттар; ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін грамоталар/дипломдар (болған жағдайда);

11) алдын ала іріктеу нәтижелері ("Денсаулық сақтау" білім беру саласы бойынша).

2.5. 4) және 7) тармақшаларда санамаланған құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, салыстырып тексерілгеннен кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

2.6. Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы портал арқылы жүгінген кезде оқуға түсушілерден құжаттарды қабылдамайды:

1) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

2) болжамды отандық немесе шетелдік ғылыми консультантпен келісілген жоспарланған диссертациялық зерттеудің электрондық негіздемесі; ;

3) білім туралы электрондық құжат;

4) бағдарламалар бойынша шет тілінен (ағылшын, неміс, француз) тест тапсырғаны туралы электрондық сертификат:

**ағылшын:**

International English Language Tests System ( IELTS, шекті балл – кемінде 5, 5),  
Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи) шекті балл-кемінде 460 балл,

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT) шекті балл-кемінде 46,

Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (TOEFL PBT) шекті балл-кемінде 453,

**неміс:**

Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau B2 / B2 деңгей),  
TestDaF-Prüfung (Niveau B2 / B2 деңгей),

**француз:**

Test de Francais International™ (TFI-оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес),



Diplom ed'Etudes en Langue française (DELF, B2 деңгейі),

Diplome Approfondi de Langue française (DALF, B2 деңгейі),

Test de connaissance du français (TCF- кемінде 50 балл);

5) өлшемі 3x4 сантиметр сандық фото;

6) электрондық форматта 075/у нысаны бойынша медициналық анықтама, № ҚР ДСМ - 175/2020 бұйрығымен бекітілген).

Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда, осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынылады;

7) еңбек қызметін растайтын электрондық құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін);

8) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың (ғылыми жарияланымдар) тізімі;

9) ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендиялар, гранттар беру туралы сертификаттар; ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін грамоталар / дипломдар (болған жағдайда);

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді, жоғары білімі туралы құжатты, медициналық анықтаманы, интернатураны бітіргені туралы куәлікті қабылдау комиссиясы (көрсетілетін қызметті беруші) «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ұсынады.

2.7. Портал арқылы жүгінген кезде докторантураға түсушіге (көрсетілетін қызметті алушының) «жеке кабинетіне» ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат формасында мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама жіберіледі.

Докторантураға түсушіге (көрсетілетін қызметті алушыға) құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

2.8. Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ аяқтаған және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредиттеуі бар тұлғалар 5 жыл ішінде осы тармақта көрсетілген шет тілін менгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды;

Шетелдік ЖЖОКБҰ-ның аяқталғанын растайтын құжатпен осы ЖЖОКБҰ-ның аккредиттелгенін растайтын ресми растау хатын ұсыну қажет.

2.9. Докторантурада оқуға ЖОО ішіндегі білім беру грантын беру конкурсына қатысуға қабылдау емтиханының нәтижелері бойынша мемлекеттік білім беру грантын алмаған және жоғары, бірақ кемінде 75 балл жинаған, жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларына сәйкес Университет бөлген гранттар шегінде докторантураға конкурсқа қатысатын үміткерлер жіберіледі, Қазақстан



Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығымен бекітілген, «Қазақстан–Ресей медициналық университеті» МЕМБМ докторантурасына қабылдау қағидаларымен бекітілген.

**2.10.** Университеттің ЖОО ішіндегі грантына докторантураға түсуші тұлғалар күнтізбелік жылдың 25 тамызы мен 27 тамызы аралығында қабылдау комиссиясына келесі құжаттарды тапсырады (егер құжаттардың түпнұсқалар пакеті 2.4 т. сәйкес бұрын ұсынылмаған жағдайда.):

- 1) Университет ректорының атына өтініш (F-PR-03-13-12-01);
- 2) білімі туралы құжат (түпнұсқа, құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);
- 4) бағдарламалар бойынша шет тілін (ағылшын, неміс, француз) меңгергенін растайтын электрондық сертификат:

**ағылшын:**

International English Language Tests System (IELTS, шекті балл-кемінде 5,5), IELTS INDICATOR (АЙЛТС Индикатор) шекті балл-кемінде 5,5,

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АйТиПи) шекті балл – кемінде 460 балл,

Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm Internet-based Test (TOEFL IBT) шекті балл-кемінде 46,

Test of English as a Foreign Language Paper-based testing (TOEFL PBT) шекті балл-кемінде 453,

**неміс:**

Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau B 2 / B2 деңгейі), TestDaF-Prüfung (Niveau B 2 / B2 деңгейі),

**француз:**

Test de Francais International™ (TFI-оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес),

Diplom ed'Etudes en Langue française (DELTA, B2 деңгейі),

Diplome Approfondi de Langue française (DALF, B2 деңгейі),

Test de connaissance du français (TCF – кемінде 50 балл);

5) электрондық форматта 075/у нысаны бойынша медициналық анықтама, № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген).

Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда, осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынылады;

6) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;

7) кадрларды есепке алу бойынша жеке іс парағы немесе жұмыс орны бойынша кадр қызметі куәландырған еңбек қызметін растайтын өзге де құжат;

8) болжанатын отандық немесе шетелдік ғылыми консультантпен келісілген жоспарланған диссертациялық зерттеудің негіздемесі (аннотация нысанында);



9) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың (ғылыми жарияланымдар) тізімі;

10) ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендиялар, гранттар беру туралы сертификаттар; ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін грамоталар/дипломдар (болған жағдайда);

11) алдын ала іріктеу нәтижелері («Денсаулық сақтау» білім беру саласы бойынша);

12) әскери билеттің немесе тіркеу куәлігінің көшірмесі (болған жағдайда);

13) үміткердің докторантура бағдарламасына түсуге итермелеген себептері туралы, кандидаттың ұзақ мерзімді мансаптық мақсаттары туралы және осы бағдарлама оған осы мақсаттарға қол жеткізуде қалай көмектесе алатындығы туралы эссе (F-PR-03-13-12-02).

**2.11.** ЖОО ішіндегі білім беру грантын беру бойынша конкурс ректордың төрағалық етуімен қабылдау комиссиясының шешімімен өткізіледі.

### **3. ЖОО ішіндегі білім беру гранты бойынша докторантураға қабылдау**

**3.1.** Тұлғаларды докторантураға қабылдау күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат негізінде және докторантураның білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша қабылдау емтиханының қорытындысы бойынша ықтимал 100 балдан кемінде 75 балл жинаған жағдайда жүзеге асырылады.

**3.2.** Конкурстық балдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда докторантураға қабылдау кезінде білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша қабылдау емтиханының неғұрлым жоғары бағасы, білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін ғылыми жетістіктері бар тұлғалар басым құқық алады, оларда: ғылыми жарияланымдар, оның ішінде соңғы 3 күнтізбелік жылдағы Clarivate Analytics компаниясының Web of science дерекқорының Journal Citation Reports деректері бойынша 1, 2 квартильге кіретін рейтингтік ғылыми басылымдарда; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендиялар, гранттар беру туралы сертификаттар; ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін грамоталар / дипломдар болады.

**3.3.** Жоғары оқу орны ішіндегі білім беру грантын беру бойынша қабылдау комиссиясының шешімі комиссия құрамының 2/3 бөлігі болған кезде (дауыстар тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып саналады) ашық дауыс беру арқылы қабылданады, хаттамамен ресімделеді (хаттамада отырысқа қатысатын комиссия мүшелері, жоғары оқу орны ішіндегі грант конкурсына қатысатын үміткерлер, қабылдау емтиханының және үміткерлердің GPA нәтижелері, комиссия шешімі көрсетіледі), оған төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды және келесі күні университет сайтында жарияланады.

**3.4.** ЖОО гранты бойынша докторантураға қабылданған тұлғалар білім беру қызметтерін ұсынуға шарт жасасады, оған сәйкес олар оқуды аяқтағаннан кейін 5 жыл Университетте жұмыс істеуі тиіс (F-PR-03-13-12-03).



#### **4. Докторантураның ЖОО ішіндегі білім беру грантын қаржыландыру**

**4.1.** ЖОО ішіндегі білім беру грантын қаржыландыру докторантураға қабылдау кезінде докторанттарды қаржыландыру үшін белгіленген мөлшерде Университеттің өз қаражаты есебінен жүргізіледі.

**4.2.** ЖОО білім беру гранты мыналарды қамтиды:

4.2.1) профессор-оқытушылар құрамының (бұдан әрі-ПОҚ), оқу-көмекші, әкімшілік - басқару, қызмет көрсету персоналының жалақысын;

4.2.2) салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдерді;

4.2.3) Интернет желісінде жұмыс істеуге, әдебиетті, электрондық оқулықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алуға арналған шығындарды;

4.2.4) биологиялық материалдарды, көрнекі құралдарды сатып алуға арналған шығындарды;

4.2.5) ұйымдастыру техникасына және басқа да жоғары күрделі жабдықтарға қызмет көрсетуге арналған шығындарды;

4.2.6) жалдау (оқу ғимараты, практика базалары).

#### **5. Құқығы**

**5.1.** Докторантураға үміткерлер құқылы:

5.1.1) ЖОО білім беру гранты бойынша докторантураға түсуге арналған конкурсқа қатысуға;

5.1.2) ЖОО ішіндегі білім беру гранты бойынша докторантураға түсу конкурсының қорытындылары туралы ақпарат алуға;

5.1.3) ЖОО ішіндегі білім грантына конкурс өткізудің кез келген кезеңінде жазбаша өтініш бойынша Университеттен өз құжаттарын алуға.

**5.2.** Кафедра меңгерушісі құқылы:

5.2.1) ЖОО ішіндегі грантқа өтінім беруге;

5.2.2) ЖОО ішіндегі білім гранты бойынша оқуға үміткердің кандидатурасын ұсынуға.

#### **6. Жауапкершілік**

**6.1.** ЖОО ішіндегі білім беру гранты негізінде Университет докторантурасына оқуға түскен тұлғалар:

6.1.1) оқу аяқталғаннан кейін «ҚазРесмедуниверситеті» МББМ-да кемінде бес жыл жұмысты өтейді;

6.1.2) PhD докторларын еңбекпен өтеу мерзімі олардың докторантурада оқуын аяқтағаннан кейін Университетпен еңбек шартын жасасқан күнінен бастап есептеледі.

**6.2.** ЖОО ішіндегі білім беру гранты бойынша докторантураны бітірген, бірақ диссертациясын бітіргеннен кейін үш жыл ішінде қорғамаған тұлғалар оларды оқытуға байланысты шығындарды өтеуге міндетті.

|                                                                                  |                                                             |                  |                  |
|----------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|------------------|------------------|
|  | «ҚазРесмедуниверситеті» МЕМБМ<br>НУО «ҚазРосмедуниверситет» | стр. 12 / 22 бет | F-DP-02-31-01-12 |
|----------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|------------------|------------------|

**6.3.** ЖОО ішіндегі білім беру гранты есебінен докторантурада оқуды аяқтаған тұлғалар 6.1-тармақта қарастырылған енбекпен өтеу бойынша міндеттерді бұзған жағдайда. Университет оларды оқытуға байланысты шығындарды бюджетке өтеуді қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды.

**6.4.** ЖОО ішіндегі білім беру гранты бойынша оқитын докторант оқу мерзімі аяқталғанға дейін өз қалауы бойынша, оқу тәртібін бұзғаны немесе өзге де себептер бойынша оқудан шығарылған жағдайда, Университет оқу кезеңі ішіндегі шығындарды бюджетке өтеуді қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдайды.

**6.5.** ЖОО ішіндегі грантқа өтінім берген кафедра меңгерушісі ЖОО ішіндегі білім беру гранты бойынша оқуды аяқтаған докторанттың жұмысқа орналастырылуы үшін жауапты болады.

**6.6.** Магистратура және докторантура бөлімі ЖОО ішіндегі білім беру гранты бойынша оқитын докторанттардың оқуы мен жұмысқа орналасуын үйлестіру және бақылау үшін жауап береді.

|             |                                                                                                                                                                     |                            |
|-------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|
| PR-03-13-12 | Доктор-да оқуға арналған жоғ.оқу орнының ішіндегі, білім беру грантын беру ер-сі /<br>Правила присуждения внутривузовского обр-го гранта на обучение в докторантуре | Басылым 01 /<br>Издание 01 |
|-------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------|



## 1. Общие положения

1.1. Настоящие Правила присуждения внутривузовского образовательного гранта на обучение в докторантуре (далее – Правила) НУО «Казахстанско-Российский медицинский университет» (далее – Университет) определяют порядок присуждения образовательных грантов для подготовки научно-педагогических кадров Университета.

1.2. Правила являются основным нормативным документом, регламентирующим порядок присуждения, финансирования внутривузовского образовательного гранта и ответственность претендентов, зачисленных в докторантуру по внутривузовскому гранту.

